

**КОНСУЛЬТАЦИЯЛЫҚ ПУНКТ БОЙЫНША
АТА-АНАҒА БЕРІЛГЕН КЕҢЕС ХАТТАМАСЫ № 1**

Күні: 14.09. 2026 жыл

Тақырыбы: Баланың балабақшаға бейімделуі

Баланың аты-жөні: Сериков Даниал

Жасы: 3 жас

Ата-анасының аты-жөні: Денисламова Айгерім

Кенес беруші: педагог-психолог Жолаушыбаева Л.А.

Кенес беру мақсаты:

Баланың балабақшаға бейімделу кезеңіндегі психологиялық жағдайын түсіндіру, ата-анаға баланың жаңа ортаға тез әрі жеңіл бейімделуіне көмектесетін тиімді ұсыныстар беру.

Кенес барысы:

Ата-анаға баланың балабақшаға алғаш баруы оның өміріндегі маңызды өзгерістердің бірі екендігі түсіндірілді. Бейімделу кезеңінде баланың жылауы, ата-анасынан ажырағысы келмеуі, тұйықталуы, тәбетінің немесе ұйқысының уақытша өзгеруі қалыпты жағдай болуы мүмкін екендігі айтылды.

Баланың балабақшаға біртіндеп үйренуіне жағдай жасау, күн тәртібін алдын ала балабақша режиміне сәйкестендіру, баламен балабақша туралы жағымды әңгімелесу ұсынылды.

Ата-анаға берілген ұсыныстар:

1. Баланы балабақшаға жағымды көңіл-күймен апару.
2. Қоштасу рәсімін ұзартпай, қысқа әрі сенімді түрде қоштасу.
3. «Мен сені міндетті түрде алып кетемін» деген сенім қалыптастыру.
4. Баланы басқа балалармен салыстырмау және «жылама» деп ұрыспау.
5. Үйде баланың күн тәртібін балабақша режиміне жакындату.
6. Баланың балабақшадағы жетістіктерін мадақтап, қолдау көрсету.
7. Үйге келгеннен кейін баламен жылы қарым-қатынас жасап, бірге уақыт өткізу.
8. Баланың бейімделу кезеңінде отбасындағы эмоционалдық ахуалды тұрақты ұстау.
9. Баланың тәрбиешіге және балабақша ортасына біртіндеп сенім қалыптастыруына мүмкіндік беру.
10. Бейімделу барысында қиындықтар ұзақ уақыт сақталған жағдайда педагог-психологпен қайта кеңесуге жүгіну.



Қорытынды:

Ата-анаға баланың балабақшаға бейімделу ерекшеліктері түсіндіріліп, баланы психологиялық тұрғыдан қолдау бойынша кеңестер берілді. Ата-ана ұсыныстармен танысып, баланың бейімделуіне қолдау көрсетуге дайын екендігін білдірді.

Кенес беруші:

Жолаушыбаева Л.А.